



XҒТАР 17.71.91; 18.41.51

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2024-149-4-279-298>

Ғылыми мақала

## Домбыра: түрлері, таралу аймағы және жыршылық өнердегі орны

А.Ж. Шәріп 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [sharipamantay\\_sh@gmail.com](mailto:sharipamantay_sh@gmail.com))

**Аңдатпа.** «Домбыра» деп аталатын музыкалық аспап түркі халықтарының (қазақ, өзбек, башқұрт, ноғай, татар, лақай) және онымен іргелес бірқатар этностың (тәжік, қалмақ, хазара) мәдениетінде маңызды рөл атқарады. Мақалада домбыраның инструменталды музыкадағы қолданысын емес, жыршылық өнердегі орнын зерттеу мақсат етіп қойылған. Бұл тақырып бұрын ғылыми тұрғыдан арнайы қарастырылған жоқ. Автор өзінің шетелдік ғылыми іссапарлары барысында домбыраға қатысты ғылыми орталықтардан, музейлерден және информанттардан жинақтаған фото, аудио және жазба деректерін іріктеп пайдаланған. Домбыра туралы бірқатар мәлімет өзбек бақшыларының өз ауыздарынан бейнетаспаға жазып алынған. Домбыраның жасалу ерекшеліктері шеберлердің тәжірибесі бойынша баяндалады. Домбыраның бақшылықпен (шамандықпен) байланысы талданып, жыршылар арасында оны дәріптеу салты қалыптасқаны сөз болады. Мақалада «домбыра» атауының пайда болу төркіні туралы болжамдар, соған байланысты пікірлер келтіріледі. Мақала салыстырмалы-тарихи, синхрондық және құрылымдық-функционалдық зерттеу әдістеріне жүгінген. Зерттеу нәтижелері түркі халықтарының дәстүрлі ауызша поэзиясының көбіне музыкамен бірлікте жасағанын, жыршылар мен импровизатор ақындар өз шығармаларын музыкалық аспаптың, соның ішінде домбыраның сүйемелімен орындағанын және бұл аспаптың таралу аймағының кең болғандығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** домбыра, түркі халықтары, музыка, ауызша поэзия, жыршылық өнер.

Түсті: 05.11.2024; Мақұлданды: 16.11.2024; Онлайн қолжетімді: 25.12.2024

## Кіріспе

Жазбаша үлгіге жеткенге дейін түркі халықтарының ауызша поэзиясы негізінен музыкамен бірлікте жасаған. Жалпы баспа жүзінде таратуға арналмаған импровизациялар тыңдаушы алдында автордың өз тарапынан көбіне музыка аспабының сүйемелімен және әуенмен орындалған жағдайда ғана өтімді сипат алған [1, 92-93 бб.]. Бастауы Қорқыт Атаға телінетін қобыз аспабы тек оғыз озандары ғана емес, басқа да бірқатар түркі халықтарының жыршылық өнерінде және ғұрыптық тәжірибесінде қолданысымен белгілі. Өз шығармашылығында алтай кайчылары *топшуур*, хакас хайджылары *топчил хомыс* пен *чадыған*, қарақалпақ жыраулары мен бақсылары *қобыз* және *аламойнақ дутар*, әзербайжан ашықтары *саз*, түрікмен бақшылары *дутар*, қырғыз ырчылары мен ақындары *қомуз*, қарашай-малқар жырчылары *қыл қобыз* секілді музыкалық аспаптарды пайдаланған. Бұл ретте домбыраның да орны айырықша. Домбыра тек қазақта ғана емес, оның аздаған фонетикалық айырмамен аталатын түрлері өзбекте, тәжікте, лақайда, башқұртта, татарда, ноғайда, қалмақта, хазарада бар немесе болған.

Ш. Уәлиханов XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласында қобыз бен жыр үлгісін домбыраның және өлеңнің мүлде ығыстырып шығарғаны туралы жазды [2, 283 б.]. Бұл үдеріске хандық құрылыстың жойылуымен бірге жыраулар институтының тоқырауға ұшырағаны, Ресей патшалығы тарапынан бақсылыққа ресми түрде тыйым салынғаны әсерін тигізбей қалмады. Сол дәуірде қазақ арасына келіп дін таратқан алғашқы қожа, молдалар да халықтың байырғы салт-санасына шүйліккені, сөйтіп домбыра тартуға, өлең шығаруға, ән айтуға қырын қарағаны туралы мәліметтер жолығады. Мысалы, «Қашағанның Есқали сұпыға айтқаны» атты шығармасы – соның әдебиет тарихындағы бір айғағы [3, 10-18 б.]. Бірақ қазақ домбырасы өміршеңдік танытты. Шоқан екі шекті домбыра туралы сөз қозғаса, сол он тоғызыншы ғасырдың информаторы Б. Дауылбаев 1850 жылдың жазында Семей өңірінен Торғай өлкесіне келген атақты Орынбай ақынның түрлі жиындарда өнер көрсеткен кезде қолына үш шекті домбыра ұстап жүргендігін айтады [4, 108 б.].

1-сурет. Үш шекті қазақ домбырасы. XX ғасырдың бірінші жартысы. Гейдар Әлиев орталығының көрме залы. Баку (Әзербайжан)



М.Әуезов домбыраның бергі заманға елдің бұрынғы аса бай, ырғақ-сазы сан қилы өлеңдік мұрасын және күрделі аспаптық әуендерін сақтап жеткізгендігіне, ақындардың суырыпсалма айтыстары, аңсарлы ойға толы өткір де өзекті толғаулары соның арқасында туғандығына ерекше мән берген [5, 220 б.]. Сөйтіп, домбыраның инструменталдық музыка саласындағы және ақындық-жыршылық өнердегі екі жақты қызметін тұтастықта қарастырып, оның жалпы ұлт мәдениетін дамытуға қосқан үлесін ашып көрсеткен.

Башқұрт пен татар домбыралары (башқұртша – думбыра, татарша – думбра) XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қолданыстан шығып қалғаны, оның орнын мандолина, скрипка, балалайка секілді аспаптар басқаны – тарихи факт. Ұлт-азаттық қозғалыстың алдыңғы шебінде жүрген башқұрт жыршылары – *сәсәндер* эпикалық шығармалар мен құбайырларды домбыраның сүйемелімен орындаған. Патша өкіметі сәсәндерді қудалап, нәтижесінде домбыраға тыйым салған. Жошы ұлысынан жеткен фольклорлық мұра – «Төлек пен Сусұлу» (тат. «Заятүләк белән Сусылу»; башқ. «Заятүләк менән Һыуһылыу») эпосының қаһарманы ғашығына сүйіспеншілігін білдіру үшін өз қолымен домбыра жасап алады. Татар тілінде домбыраға байланысты мақал-мәтелдер сақталып қалған. «Тауарих-и Бұлғария» еңбегінің авторы Тәжеддин Жалшығұл (башқ. Тажетдин Ялсығол; тат. Тажетдин Ялчыгол) өзінің XVIII-XIX ғасырлар тоғысына тиесілі қолжазбасында домбыраның нобайын сызып, оны «думбра бит төрки», яғни «түрк домбырасы» деп атаған [6, 70-71 бб.]. Қазір реконструкцияланған башқұрт пен татар домбыралары қолданысқа енгізілген.

Өзбек домбырасы XX ғасырдың 50-жылдарының ортасына дейін зерттеу нысанына айналмаған. Мысалы, Хорезм өлкесінде ол мүлде пайдаланылмаған. Ташкент, Самарқан, Бұхара уәлаяттары мен Ферғана алқабының кенттері мен қышлақтарында да тарала қоймаған. Көпшілік оны қазақтың музыкалық аспабы деп таныған. Домбыра негізінен Өзбекстанның Сұрхандария мен Қашқадария уәлаяттарына тән. Ол – дастан орындайтын бақшылар мен шайырлардың тұрақты сүйемел аспабы. Қазақ пен өзбек домбыраларының айырмашылығы жөнінде Ф.Кароматов өзінің «Өзбектің домбыра музыкасы» атты кітабында баяндаған [7, 3-12 бб.].

Қалмақ домбырасы «домбр» деп аталады. Қарағай ағашынан және тақтайдан жасалады. Үш бұрышты шанағының артқы жағы қалың, бет жағы жұқа. Қос шекті, жеті пернелі. Шегі бұрын қойдың ішегінен жасалған [8, 46-50 бб.]. П.С.Паллас өзінің «Моңғол халықтары туралы тарихи мәліметтер жинағы» («Sammlungen historischer Nachrichten über die mongolischen Völkerschaften») деп аталатын еңбегінде қалмақ домбырасын қысқаша сипаттаған. «Жаңғар» эпосы домбыраның сүйемелімен айтылған. Қалмақ домбырасы қазақ домбырасының ықпалымен пайда болған деген пікір бар.

### **Зерттеу әдістері**

Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, оның ішінде Қарақалпақстан, Ресей Федерациясы құрамындағы Башқұртстан, Татарстан, Тыва, Хакасия республикаларына жасалған зерттеу сапарлары барысында түркі халықтарының музыкалық аспаптары, солардың

қатарында домбыра туралы академиялық және ұлттық-мәдени орталықтардан, кітапханалардан, музейлерден, сондай-ақ информанттар мен жыршылардан тақырыпқа қатысты эмпирикалық мәліметтер жинақталды; аудио- және бейнежазбалар жасалды, фотосуреттер алынды. Өзбекстанның Сұрхандария уәлаятындағы Шерабад дастаншылық мектебі өкілдерімен сұхбат және сауалнама ұйымдастырылды, өзбек бақшыларының домбыра сүйемелімен айтқан эпикалық жырлары тыңдалды. Зерттеу барысында түрлі мәдениет аясындағы құбылыстарды тарихи-генетикалық немесе салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан таразылауға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи әдіс, бірнеше мәдениеттің белгілі бір кезеңдегі өзара сабақтастығы мен байланыстарын жинақы түрде талдауға жол ашатын синхрондық әдіс пайдаланылды. Сонымен қатар құрылымдық-функционалдық әдіс зерттеу нысанын жеке бөліктер бойынша қарастырып, олардың ішкі қарым-қатынасын және қызметін анықтауға септігін тигізді. Мақалада пәнаралық байланысқа мән беріліп, фольклор, әдебиеттану, тілтану, музыкатану, аспаптану мәселелері ретіне қарай қамтылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

*Қазақ домбырасының жасалу жолдары мен түрлері.* Домбыра аспабының жасалу ерекшеліктері жөнінде шеберлердің өз аузымен айтылған мәліметтерді республикалық телеарналардың хабарларының негізінде жинақтап бердік.

«Абай» телеарнасында көрсетілген хабарда (12.06.2023) *тоғыз пернелі қалақ домбыра* шебері Нарбек Оханов келесіні баяндайды: Аспапты соғу үшін алдымен ағаш дайындалады. Ол алдын ала кептіріледі немесе кебу ағаштан таңдап алынады. Ағаш кептірудің тәсілдері бар. Кейінгі ұрпаққа ағаш дайындап кететін шеберлер де болған. Асылы, табиғи жолмен кептірген жөн. Әуелі домбыраның нобайы сызылады, қағаздан кесіліп қалып жасалады. Мысалы, қарағай – жұмсақ ағаш; тез кебеді; қоңыр, көне дыбыс береді. Ағашты таңдағанда бұтақтың орналасуын, жарықтың қай жерден бітетінін білген жөн. Шеберде сезім болу керек. Қақпақты біреу шыршадан, біреу қарағайдан жабады. Ол шебердің талғамына байланысты. Қақпақтың бетіне жаңғақ ағашын жұқалап желіммен бекітеді. Бұл аспаптың ұзақ сақталуы үшін қажет. Құлағын шәмшат ағашынан жасайды. Ол – қатты ағаш [9].

Шебер Алмас Мұстапаев осы телеарнаның тағы бір хабарында (10.08.2020) домбыраның түрлеріне тоқталады; олардың таралу аймағын көрсетеді және сипаттамаларын береді. *Қалақ домбыра* Арқада, Жетісуда, Шығыста тараған. Ол майқарағай, самырсын, шыршадан жасалады. Бұлар – қол жетімді ағаштар. Қатты ағаштар көп пайдаланылмайды. Асты – кварта, үсті – квинта. Мойны – 50 см, жалпы ұзындығы – 88 см. Қазақ даласында *тұмар домбыра* кең тараған. Оны тартатын кісілер көп емес. Солардың бірі – атақты әнші Қайрат Байбосынов. *Тамшы домбыра* батыс өңіріне тән. Дина, Махамбет тартып, Құрманғазының бүкіл күйі осы домбырадан туған. Қазір бұл аспап түрі кенжелеп қалған, онша танымал емес. Бүгінгі күні көп пайдаланылатыны – классикалық *қозықұйрық домбыра*. *Үш шекті домбыраны* Жарқын Шәкәрім қолданған. Бұрын домбырада 9 немесе 7 перне болған. Қазір – 19 перне. Қақпақтың бетін қатты ағашпен жабады. Кем дегенде

үйеңкімен. Мойынның өзегі – шамшат; ол ылғал тартпайды. Желімді ірі қара малдың сірнесінен жасаған, терісінен алған. Пернеге тобылғының жіңішке шыбығын, қайыңның қабығын, сіңір, жібек байлаған. Бұл заманда технология дамыған [10].

«Жібек жолы» телеарнасында (09.12.2022) шебер Нұрлан Ділманов домбыраны қарағаштан, жаңғақтан, алмадан, өріктен жасайтынын, бұл үшін көбіне жергілікті ағаштарды пайдаланатынын сөз етеді. Күйші, музыка зерттеушісі Жанғали Жүзбаев «бұғалық», «сағалық», «үкі», «шошақ» ұғымдарына түсініктеме береді [11].

Танымал шебер Жолаушы Тұрдығұлов Kazakh TV (15.05.2017), «Абай» (14.07.2020), «Қазақстан» (15.06.2017) телеарналары түсірген хабарларда өз тәжірибесімен бөліседі. Оның пайымынша: домбыра жасайтын ағаш жеткілікті дәрежеде құрғақ болуға тиіс; кесілгеннен кейін төрт-бес жыл уақыт өтуі қажет; ағаштың тығыздығы жоғары болса, дыбыс та солай қанық болады; алма, алмұрт дыбысты жақсы өткізеді; балқарағай, қайың – жұмсақ ағаштар; үйеңкі қатты болғандықтан, эстрадаға ыңғайлы келеді. Ол домбыраның түрлі бөліктерін жасау үшін шынар, қарағаш, африкалық полисандр пайдаланады екен [12].

Ж.Тұрдығұлов Михаил, Эммануил Романенколардың домбырасы көбіне бұйра қайыңнан жасалғандығын, олардың үйеңкі ағашын пайдаланғанын, өзі де сол дәстүрді ұстанатынын айтады. Домбыраның бет ағашы – шырша; мойыны – қарағаш, полисандр. Бұған қатты ағаштар пайдаланылады. Шебер: «Домбыраның басын «алақан» деп атайды. Домбыра – перзентің сияқты. Ол дыбысын шығарғанға шейін қиялданасың, ойланасың, уайымдайсың. Қуануың да мүмкін. Барлық ниетіңді салып отырып жасасаң, аспап жақсы шығады. Домбыраның қалай шығатыны тапсырыс берушінің мінез-құлқына да байланысты. Біреудікі сәтті, біреудікі сәтсіз шығады. Бір тиекте жүз түрлі құпия бар», - деп сыр ақтарады [13].

Ж.Тұрдығұловтың талабы бойынша, көктеп тұрған ағашты кесуге болмайды, өйткені оның бойында минералды сулар көп. Ондай ағаш жарылғыш болады. Ағашты қыста кескен абзал. Аязды кезде кессе тіпті жақсы. Өйткені аяз қысқанда, оның барлық сөлі тамырына кетеді екен. Тіршілігі тоқтап тұрған ағаштың жарылу процесі өте аз болады. Тез кебеді. Негізгі өлшем – дыбыс. Домбыраның бауыры жұмсақ болу керек. Пайдаланатын ағаш түрлері – бұйра үйеңкі, шырша, қарағаш [14].

Қазақтың тұңғыш органиолог ғалымы, көрнекті шебер Қамар Қасымов өз дерегінде Эммануил Романенко, Молдан Әлдербаев домбырасының шанағын жаңғақтан, бет тақтайын қайыңнан, мойынын Тянь-Шань қарағайынан жасағандығын жеткізеді [15].

Шебер Азат Үсенбаев домбыраларының шанағы – бұйра қайың, беті – шырша боп келеді екен. Ол Рамазан Стамғазиев, Қаршыға Ахмедияров, Жанғали Жүзбаев, т.б. атақты өнерпаздарға домбыра соғып беріпті [16].

Шебер Аманжан Садуақасовтың басқалардан ерекшелігі: ол домбыраны Ақтоғайдың аршасынан жасайды. Мұндай аспапты кезінде Әміре пайдаланған. Арша таудың күнге жағында кемі 50-100 жыл ақсөңке болып кеуіп жатады. Домбыраны шауып та, құрастырып та жасайды. Бет ағашқа көп нәрсе байланысты. Ол – құпия. Шеберлер сырын айтпайды. Ағаштың қадірін тану үшін шеберге қасиет ата-бабасынан дарыған болуға тиіс [17].

З.Жәкішеваның қазақтың музыкалы аспаптары туралы зерттеу кітабында домбыраның кейбір түрлері (үшем домбыра, бүктемелі домбыра, желбезекті домбыра, қуыс мойын домбыра, қоссаз, шіңкілдек, үш шекті домбыра) мен оларды жасауда пайдаланылатын ағаштар (шамшат, үйеңкі, қарағай, т.б.) туралы жалпы мәлімет берілген [18, 112-116; 164-166 бб.].

2-сурет. Өзбек қоңыраттарының қадым домбырасы.  
Термез қаласы. Сұрхандария уәлаяты (Өзбекстан)



*Өзбек домбырасының жасалу жолдары, ерекшеліктері және оны дәріптеу салты.* Бақшылардың (өзбектің эпикалық жыршылары – А.Ш.) ең жақын серігі, тыңдаушымен байланыстағы ең жақын жәрдемшісі болған домбыра өте байырғы аспаптардың қатарында есептеледі [19, 66 б.]. Зерттеушілер С.Исмаилова мен Ә.Суннатиллаев: «Бақшы – өз елінің өткір тілі. Бақшының екі дүниесі бар. Біріншісі – саз, екіншісі – сөз. Бақшы дастанды, термені, эпосты жырлағанда, ол дастандар мен термелерін өз сазы мен сөзі және домбырасынсыз елестете алмайды. Саз бен сөз – бақшының серігі. Сол себепті де саз бен сөз бақшының дүниесі боп саналады. Бақшының сазы – домбыра аспабы», - деп жаза отырып, оның жаратылысы хақында өте көп әпсана мен рауаяттар бар екендігін тілге тиек етеді. Олардың баяндауынша, домбыра аспабы тұт, жаңғақ, арша ағаштарынан жасалады; қақпағының кесесіне желімделместен ішектен есілген жіппен қатты тартып байланады; шектері ешкінің шегінен есіп әзірленеді; мойнына перне байланбайды; дыбыс ауқымы 1,5 октаваны қамтиды [20, 101 б.]. Б.Сафаров та: «Бұл аспаптың сүйемелімен жыршылар дастан, терме айтады. Дастан орындауды музыка аспабынсыз елестете алмаймыз», - дейді [21, 793 б.].

Домбыра жасау өнері кез келген адамға қонбайды. Ұзақ жылдар басқа салада жұмыс істеген, қазір Сұрхандария уәлаятының Бәндіхон қышлағында тұратын 30 жылдық тәжірибесі бар кәнігі шебер Нұрмұрат Шәйдиловтің шаңырағына арнайы барып, мейман болғанда өз аузынан естігеніміз: бір күні түсінде оған ұсталардың ұстазы Тәжі баба

Аллаяр аян берген екен. Содан осы кәсіпке бет бұрады. Шебердің ұлы – Сафар Шәйдилов өнерімен елге танылып, Өзбекстан Республикасының халық бақшысы атағын алған. Әулеттің үлкенінің әңгімесіне құлақ түрсек, домбыраның арғы тарихы 2,5-3 мың жылға тереңдеп кетеді. Бүгінгі домбыра миуалы дарақтардан, яғни жеміс ағаштарынан, атап айтқанда, алмұрттан, тұттан, өріктен, жаңғақтан жасалады. Шебер әсіресе биік тауда өсетін алмұрт ағашынан соғылатын домбыраның үні бәрінен де сапалы шығады дегенді айтты. Аспапты сырламаған жөн, себебі дауысы қысымға түседі. Оған қойдың, ешкінің шегін таққан; өзбекше «тар» деп атайды. Домбыраның әуезі бақшының әуезімен сәйкесуге тиіс. Ешқандай домбыраның үні бір-бірін қайталамайды. Сиқыры да сонда. Домбыра жасалатын ағаш желтоқсанның басында жапырағы қурап, тіршілігі тоқтағаннан кейін кесіп алынады. Қабығымен бірге жалпағынан жатқызылып, жерге көміледі. Сегіз айдан бір жылға дейін лайдың ішінде жатады. Екі басын клеенкаға орап тастайды. Шірік ішіне түспеуі керек. Үстінен су ағады; сонда керегі қалады, шіритіні кетеді. Жұмыс сабырды, тағатты қажет қылады. Ағаш бабына келгенше, арада екі-үш жыл өтеді.

Халық бақшылары Шомурад Тоғаев, Шоберді Болтаев пен сұрхандариялық домбыра ұстасы Шапағат Маматқұлов бабаның пікірінше де, ең үні зор домбыра алмұрт ағашынан жасалады екен [19, 68 б.].

«Жүрегімнің жары болған домбырам» атты кітаптың құрастырушысы У. Хәкимов та «Айна» («Oyina») порталына берген сұхбатында: «Бабаларымыз домбыраны тек миуалы ағаштардан жасап келген. Ұсталар кеш күз – қарашаның аяғы мен желтоқсанның басында – күллі ағаш ұйқыға кеткен кезде жеміс бермеген ағаштарды кескен. Домбыра жасалатын ағаш кемінде алты айдан тоғыз айға, кейде бір жылға дейін жерге көміп қойылған. Әдетте бір домбыра даяр болып, бақшының қолына жетіп барғанша кемі екі жылдай уақыт кетеді», - дейді. Ол домбыра жасалатын негізгі ағаштардың қатарына жаңғақты, шиені, шабдалыны, пістені, бадамды, тұтты жатқызады Ауғанстанда домбыра өзінің ескі қалыбын сақтаған. Ал өзбектерде қазір домбыраға микрофон орнататын үрдіс пайда болыпты. Андижандық ұста Әбдумәлік Мәдрәйімов домбыраның заманауи үлгісін ұсынған. Бірақ ол, мысалы, Әбдімұрад Рәхимов бақшының көңілінен шықпаған [22].

3-сурет. Шебер Нұрмұрат Шәйдиловтің қолынан шыққан домбыралар.  
Бәндіхон қышлағы.Сурхандария уәлаяты (Өзбекстан)



Өнертанушы О.Хакимов «Бақшылық мектептерде домбыра тартуды үйрету» атты мақаласында бұл аспапты жасаудың келесі технологиясын баяндайды. Ағаштардың жуан тұсынан 30-32 см етіп кесіп алып, жерге үш ай көміп қояды. Кейін жерден қазып шығарып, домбыра шанағын үңгіп жонып алады. Мұнан соң дестесіне кіріседі. Ағаштың жіңішке бөлігінен 55-60 см кесіп алады да, десте пішініне келтіреді. Дестенің үш бөлігі әр түрлі гаджак пішініне ұқсатылады. Дестенің бұл ұшы шанақ бөлігіне түрлі нәрселермен мықтап бекітіледі. Шанақтың үстіңгі бөлігіне қалыңдығы 0,5 см ағаш жонып, тегістеп, талдан қақпақ жасайды, жіппен байлайды. Домбыраның гаджак бөлігі екі жерден тесіліп, тағылған шекті тарту үшін екі құлақ орнатады. Домбыраның даусы шығу үшін қақпақтың ортасына тиек қойып, оны дестенің мойын бөлігіне арнайы жіппен бекітеді. Гаджак бөлігінің бүйірінен тесік жасап, оған салпыншақ байлап қояды [23, 43-44 бб.].

Бір жылда бір ұста он домбыра жасауы мүмкін. Бірақ олардың ешқайсысы бірін-бірі қайталамайды. Біреуінің өлшемінде, біреуінің даусында айырма болады. Бұл, бір жағы, оның қандай ағаштан жасалғанына байланысты болса, сондай-ақ ұстаның жүрек мейірі, көңіл қалауы да әсерін тигізеді. Өзбек (қоңырат) домбырасында перне жоқ. Бақшылардың байырғы түсінігі бойынша, әуез көктен құйылып түсуге тиіс. Өзбек домбырасының өлшемдері де әрқилы. Мысалы, әйгілі бақшы Ерғаш Жұманбұлбұлоғлының музейінде сақталған домбырасы ықшам және кішкене. Ұзындығы 40-50 см аралығы. Бұл ағаш жетпегендіктен емес, дәстүрге байланысты нәрсе.

Өзбекстан Республикасының халық бақшысы Әбдіназар Пойоновтың: «Домбыра болмаса біз ешкім емеспіз», – деген сөзі бар. Өзбек бақшылығында домбыраға мадақ айту дәстүрі кең тараған. Мысалы, дастанға кіріспес бұрын олар басқа термелермен қатар, көбіне «Домбырам» деген тақырыпта арнау орындаған. Фазыл Юлдашоглы, Пулкан шайыр, Абдулла шайыр, т.б. бақшылардан жазып алынған бірқатар мәтін үлгісін 1939 жылы Х.Зарифов «Өзбек фольклоры» атты жинағында алғаш рет жариялаған. Сол рәсім әлі күнге дейін жанды жалғасын тауып келеді. Бұған Сұрхандария уәлаяты Байсын түменінің Моншақ қышлағында тұратын Орал бақшы Рахимовпен жолыққан сәтте көз жеткіздік. Ол сол дағдыдан жаңылмаған күйі ә дегенде «Сөйле, менің домбырам» деп жырлай жөнелді (Толығырақ қараңыз: «Байсын жұртқа барғанда. «Түркістан» газеті. 07.04.2023 ж.).

«Домбырам» атты терме бүгінгі өзбек бақшыларының әрбірінің репертуарында кездеседі. Олар бұл аспапқа деген құрметін түрленде жырлайды. Мысалы, Өзбекстанның халық бахшысы Шоберді Болтаев өз арнауында «аспандағы құстарды сайратып берген домбырам» дейді. Тағы бір халық бақшысы Қәххар Рахимов болса: «Керуен жүре алмайды жолдан айырылса, Домбыра сайрамас қолдан айырылса. Бұл дүниеге қайран қалдым, домбырам, Надандар жылайды пұлдан айырылса», - деп толғайды [24]. Бүгінгі танымал бахшылардың термелерінен мысалдар келтіре кетейік [25, 12-13 б.].

Қадыр бақшы:

Қахрамонни кўрганингда мақтайсан,  
Дангасага дуч келганда тўхтайсан,  
Оҳанларга, ўзинг куйларга бойсан,  
Товушингни саз чиқаргин, дўмбирам.



[Қаһарманды көргеніңде мақтайсың,  
Даңғазаға тап келгенде тоқтайсың.  
Әуендерге, өзің байсың жырларға,  
Дауысыңды шығарғайсың, домбырам].  
Чары бақшы Өмірғлы:  
Авлодлардан ошиб келган, дұмбирам,  
Сўз бойлигин ташиб келган, дұмбирам,  
Сой селидай тошиб келган, дұмбирам,  
Куйдан куйга жўшиб келган, дұмбирам,  
Сўзга илхом қўшиб келган, дұмбирам.  
[Ұрпақтардан асып келген, домбырам,  
Сөз байлығың тасып келген, домбырам,  
Тау суындай тасып келген, домбырам,  
Күйден күйге жошып келген, домбырам,  
Сөзге шабыт қосып келген, домбырам].

Бақшылардың өміріне арналған кітапшалар да, олардың шығармалар жинағы да көбіне домбыра туралы термемен басталатынын көруге болады.

Өзбектің эстрада әншілерінің репертуарында да «Домбыра» атты әндер мол. Мысалы, Өзбекстанның халық әртісі Азадбек Назарбеков, белгілі әншілер Хасилә Рахимова, Наргиза Әзимова, Махмұд Намазов, Жасурбек Мавлонов осы аттас өлеңдерді орындайды. Олар Youtube арналарына орналастырылған. Бұл әндердің мәтіндерінде «Мінер болсам – үзеңгісіз тұлпарым, ұшар болсам – айға қонар сұңқарым, Көз моншағым, тағып жүрген тұмарым», «Бақшылардың жорасы, аспаптардың төресі», «Той десең келеді жақсылар, Сұрханнан келеді бақшылар, домбыра қолымда күйлесем, жұртымды мақтап ап ойнасам», т.с.с. бейнелі сөздер кездеседі.

Л.Потапов көптеген Сібір халықтарында, оның ішінде Саян-Алтай таулы қыратын мекендейтін түркітерде бақсы ойыны кезінде оның даңғырасы (бубен) үстіңгі немесе астыңғы әлемге саяхаттап қайту үшін қажетті мініс көлігі ретінде рәмізделетінін айтады [26, 75 с.]. Ол жылқы, марал, түйе (ақ атан) түрінде бейнеленген.

Фольклортанушы Е.Тұрсынов та сол ізбен түркі-моңғол халықтарының (басқа да барлық халықтардағы секілді) шамандарына ортақ түсініктерге сәйкес, шаманның қобызы (даңғыра, сыпыртқы) оның мініс көлігі боп табылатындығы туралы жазады [27, 87 с.]. Ғалым аңыздық Қорқыттың желмаясын қолындағы қобызына балайды. Осы арада бақсылық пен жыршылық арасындағы байланыс көрініс береді. Мысалы, Ш.Уәлиханов қазақ даласында төкпе ақын Жанақ қайтыс болғаннан кейін жыршылық үшін қобыздың дәурені өте бастағанын, оны тек бақсылар ғана жын шақырғанда пайдаланып жүргенін аңғартқан болатын [2, 281-28 с.]. Расында да, «Рүстем төреге айтқан сөзінде» Жанақ қобызын бейнелі түрде «қарағайға», «жел желісті желмаяға» теңеп, үш жүздің баласын (шамандықтағы үш әлеммен барабар) соған мініп аралайын деп айтады. Және ол «қарағайсыз керекке жарамайтынын» де ескертіп өтеді, яғни қолындағы аспабын осылай әспеттейді.

Шоқан заманындағы қазақтың мәдени ортасында жыр үлгісін өлең пішіні, қобыз аспабын екі шекті домбыра ығыстырып шығара бастаса, өзбек елінде бақсының «мініс көлігі» сипатындағы функция домбыраға телінгендігін көруге болады. В.Жирмунский мен Х.Зарифов бақшының дастан айтуға кірісердегі әрекеттерін сипаттай отырып, оның бара-бара таңды таңға ұратын шабыты «қайнаған» сәтінде «Бедаври минип хайдадим» («Бәдәуи мініп зауладым») деген тіркесті қолданатынын, мұндағы «бәдәуи» оның жылқы (бедеу ат) кейпіндегі домбырасы екендігін саралайды [28, 30 с.].

К.Райхл жазғандай, «Түрк эпосы әлемінің барлық бейнелері әйтеуір қалай болса да жылқымен байланысты» [29, 98 с.]. Мысалы, Әбдіназар Пойонов «Домбырам» термесінде домбырасына «әр жаққа тұлпардай шабасың» деп сөйлесе, Исмаилхан бақшы Әнуаров аспапқа қарата «бақшылардың тұлпарысың, домбыра» дейді. [30, 304-312 б.].

Бақшылықтағы «домбыра төңкеру» рәсімі кезінде мынадай жолдар айтылған [31, 195 б.]:

Сени уйдан олип чиқтим бұктарип,  
Сен юрибсан улфатингни ахтариб,  
Мен қуяйин сени энди тўнтарип,  
Ярим кеча ҳадди булди, жонивор.  
[Сені үйден алып шықтым өңгеріп,  
Сен жүріпсің достығыңды жөн көріп,  
Мен қояйын сені енді төңкеріп,  
Жарым түннің іші болды, жануар].

Мұндағы бақшының *жонивор* («жануар») деп отырғаны – қолындағы домбырасы.

Хакастың топчил хомус және тываның игил аспаптарының басына жылқы бейнесінің орнатылуы да түркі халықтары дүниетанымындағы түпкі туыстықты аңғартады.

*Тәжік домбырасының ерекшеліктері.* Тәжік тіліндегі музыкалық терминдерді зерттеген ғалым Г.Шакарбеков өзінің диссертациялық жұмысында: «Думбура – тәжік халқының аспабы» [32, 56], – дейді. Әр жерде «думбра», «думбура», «думбура», «думбрак», «думбара» дыбыстық нұсқалары кездеседі.

Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясы Ә.Рудаки атындағы Тіл және әдебиет институтының жетекші ғылыми қызметкері Абдухалик Нуриевич Набиевтың айтуы бойынша, домбыра Тәжікстанның оңтүстігінде – Бадахшанда, Зеравшанда, Күлябта, Пенджикентте таралған; домбыра күйлері, домбыра ансамблі бар; эпосты, мысалы, «Көроғлы» дастанын сүйемелдеуге пайдаланылады; аспапты жасаған кезде ағаштың түрлерін таңдайды. Осы институттың аға ғылыми қызметкері Мубашир Акборзордың болжамына сәйкес, «домбыра» сөзі «кесілген құйрық» (дом – құйрық, бура – кесу) деген мағынаны береді (бейнежазба материалынан. Душанбе қ., 2024 ж., сәуір).

4-сурет. Лақай домбырасы. Тәжікстанның ұлттық мұражайы.  
Душанбе қаласы (Тәжікстан)



Тәжікстанда домбыра тұттан, өріктен, жаңғақтан, аршадан (кесесі мен дестесі), шынардан (қақпағы), талдан жасалады екен. Ұзындығы 70-80 см шамасы. Шеберлер кесесі мен дестесін кейде бірге, кейде бөлек шабады. Қақпағының жоғары жағында үш тесігі болады.

Музыкатанушы Х.Нурмотзаде «Тәжікстан Республикасы музейлері коллекцияларындағы музыкалық аспаптар» атты зерттеу кітабында басқа аспаптармен (дудар, керней, рубаб, тор, танбур, ғижак, қобыз, дойра, нағара, т.б.) қатар, ел музейлерінің қорында сақталған домбыралар туралы да мағлұмат береді. Оның дерегіне сүйенсек, осындай орындарда «домбыра» атаулы 60 аспап тіркелгендігін көреміз [33, 168-222 бб.].

Сақталған орнына байланысты домбыра саны мынадай: Тәжікстан Республикасы Президенті атқару аппараты Ұлттық музейі – 17, А.Дониш атындағы Тарих, археология және этнология институтының музейі – 11, Зиедулло Шахиди атындағы Республикалық музыкалық мәдениет музейі – 4, Гурминж Завқибеков атындағы Музыкалық аспаптар музейі – 1, Шахринав ауданының тарихи-өлкетану музейі – 3, Ғисар қаласының тарихи-өлкетану музейі – 1, Хоруғ қаласындағы Қырғызбек Хушқадамов атындағы тарихи-өлкетану музейі – 1, Ходжент қаласындағы Соғды уәлаяты тарихының музейі – 1, Пенджекент қаласындағы Ә.Рудаки атындағы тарихи-өлкетану мемлекеттік музейі – 4, Ходжент қаласынадағы Журабек Муродов атындағы музей, Ходжент қаласындағы «Тәуелсіздік» тарихи-мәдени кешен – 5, Куляб қаласының 2700-жылдығы тарихи-өлкетану музейі – 3, шайыр әрі халық жыршысы Саидәлі Вализаданың музей-үйі – 3, Куляб қаласындағы «Шеберлер» музейі – 3, Даңғара ауданы республикалық музей-қорығы – 1, Бохтар (Қорғантөбе) қаласындағы Хатлон тарихи-өлкетану музейі – 1.

Музейге домбыра тапсырғандардың қатарынан басқалармен бірге Тәжікстан Республикасының халық хафизі (жыршысы), «Көроғлы» дастанының атақты орындаушысы Хикмат Ризоның есімін көре аламыз. Оның әкесі қолөнер шебері болып, өзге аспаптармен қоса домбыра да жасаған [34, 31 с.]. Ал Хикмат Ризоның домбыра сүйемелімен жыр айтқанын дәлелдейтін фактілер бар. Біріншіден, оның сақталып

қалған бір фотосындағы тартып отырған аспабы Х.Нурмотзаде кітабындағы KB-446/1 сериялық нөмірмен тіркелген домбыра түріне сәйкеседі. Екіншіден, 2021 жылғы 15 шілдеде Тәжікстан Республикасының Ұлттық музейінде ашылған «Музыкалық аспаптар – ұлттық мәдениет насихатшысы» атты көрмеде Хикмат Ризоның домбырасы да қойылған [35].

5-сурет.Тәжік домбырасы. Гурминдж Завқибеков атындағы музыкалық аспаптар мұражайы. Душанбе (Тәжікстан)



Түркі халықтарынан ауысқан тәжік дастандары нұсқаларының бір ерекшелігі – олардың қара сөзсіз, тек поэтикалық үлгіде, көмеймен айтылып, *думбрактың* сүйемелімен жырланатындығы. Тәжікстанның оңтүстігінде тараған бұл аспапты кейде «дutori майда» («кішкентай дутар») деп те атайды, өйткені көлемі шағын және өзбек домбырасы секілді пернесіз боп келеді.

Тәжік халқының таулы аймақта таралған музыкалық-поэтикалық жанры – *фалак* дутар, рубаб, дойра, т.б. аспаптармен қатар домбыраның сүйемелімен де орындалған.

